



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2020 жылдың 22 қыркүйегі

KASE Индексіне 20 жыл

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) қазақстандық акциялар нарығы жағдайының негізгі индикаторы – KASE Индексіне – 20 жыл толғандығын хабарлайды. Индекс 2000 жылдан бастап бастапқы мәні 100 нүктеден еспетеле бастады және 2007 жылға дейін KASE_Shares деп аталды.

2020 жылдың 21 қыркүйегінде KASE Индексінің өкілеттік тізіміне сегіз ірі тұрақты компанияның өтімді акциялары кіреді – "Банк ЦентрКредит" АҚ, KAZ Minerals PLC, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, "Кселл" АҚ, "KEGOC" АҚ, "Казатомпром" ҰАК АҚ, "Қазақтелеком" АҚ және "КазТрансОйл" АҚ.

KASE Индексінің тарихында үш компанияның акциялары – "Қазақтелеком" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ және KAZ Minerals PLC 2008 жылдан бастап (Kazakhmys PLC қайта құрылғанға дейін) үнемі өкілеттік тізімінде орналасқан.

Индекскегі акциялардың максималды саны – 46 бағалы қағаздардың мәні 2 818,42 нүкте 2007 жылдың 16 шілдесінде қол жеткізілді.

2007 жылдың 17 шілдесінде KASE Индексінің тарихи максимум деңгейіне қол жеткізді – оның мәні 2 876,17 нүктені құрады. 2002 жылдың 20 шілдесінде Индекс сауда-саттық күнін 69,48 мәнімен жапты, ол көрсеткіш Индекстің бүкіл тарихындағы ең төменгі көрсеткіш болып табылады.

2007 жылдың 21 қыркүйегінде KASE Индексі 2 465,52 тең, ол бастапқы көрсеткіштен 24 есе артық.

2017 жылы году, Bloomberg мәліметтері бойынша, KASE Индексі 59,3 % артып, әлемдегі өсім жылдамдығы бойынша үшінші орынға ие болды.

KASE Индексі, Индекстің өкілетті тізіміне кіретін, акциялардың белгілі бір датаға нарықтық бағаларының осы тізімдегі акциялардың, еркін айналыстағы акцияларды ескерумен капитализациясы бойынша сараланған, осы индекскегі есептеу датасындағы бағаларына қатынасы болып табылады.

Осы тізімге Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар туралы" заңына сәйкес заңды тұлғарезидент болып табылатын эмитент акциялары қосылады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) - Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы. ТМД биржалары арасында KASE бағалы қағаздармен сауда жасау бойынша екінші орында және FEAS қор биржаларының нарықтық капиталдандыру деңгейі бойынша алтыншы орында

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығындағы операциялар - репо және своптар, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуразиялық қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтардың мүшесі, сондай-ақ "Биржалар тұрақты даму үшін" БҰҰ Бастамасының қатысушысы.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.